# «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының бірінші облигациялық бағдарламасы шегіндегі облигациялардың төртінші шығарылымының ПРОСПЕКТІСІ

**Эмитенттің толық атауы: «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**.

**Эмитенттің қысқартылған атауы:** «ҚазАгро» холдингі» АҚ.

Өкілетті органның облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуі (облигациялық бағдарламаны, облигациялық бағдарламаның шегіндегі облигациялар шығарылымы) проспектіде сипатталған облигацияларды сатып алуға қатысты инвесторларға белгілі бір ұсыныстарды ұсынуды білдірмейді, және осы құжатта бар ақпараттың шынайылығын растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы проспектіде бар ақпараттың шынайы болып табылатынын және инвесторларды эмитент пен оның облигацияларына қатысты шатыстырмайтындығын растайды.

Акционерлік қоғам болып табылатын эмитент, «Қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімдерін, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушы органның мүшелеріне берілген сиақының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 26 қаулысымен белгіленген, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 11 наурызда № 13438 болып тіркелген, тәртіпте және мерзімде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілікті, сондай-ақ корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, акционерлік қоғамдардың жылдық қаржылық есептілігі мен аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімдерін, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушы органның мүшелеріне берілген сиақының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыруды қамтамасыз етеді.

Бағалы қағаздар рынолғы туралы Заңның 102-бабы 2-тармағындағы өзгерістер, эмитентпен бағалы қағаздарды ұстаушылардың назарына қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілікті орналастыру, және «Қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімдерін, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушы органның мүшелеріне берілген сиақының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 26 қаулысымен белгіленген, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 11 наурызда № 13438 болып тіркелген, тәртіпте олар туындаған сәттен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында ақпаратты жариялау жолымен жеткізіледі.

**Астана қ., 2016 ж.**

1. Облигациялардың осы шығарылымы «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының (бұдан былай - «Эмитент») бірінші облигациялық бағдарламасының проспектісімен сәйкес жүзеге асырылады және осы облигациялық бағдарламада төртінші болып табылады.

**2. Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер**:

| | | |
|---|---|---|
| 1) | **Облигациялық бағдарлама проспектісінің мемлекеттік тіркелген күні және нөмірі:** | Бірінші облигациялық бағдарлама проспектісін тіркеу 2014 жылғы 12 желтоқсанда жүргізілген, бірінші облигациялық бағдарламаның проспектісін мемлекеттік тіркеу нөмірі Е81 |
| 2) | **Оның шегінде шығарылым жүзеге асырылатын облигациялық бағдарламаның көлемі:** | 200 000 000 000 (екі жүз миллиард) теңге. |
| 3) | **облигациялық бағдарламаның шегіндегі облигациялар шығарылымының реттік нөмірі:** | Осы облигациялар шығарылымы Эмитенттің бірінші облигациялық бағдарламасы шегінде төртінші болып табылады. |
| 4) | **облигациялық бағдарламаның шегіндегі барлық бұрынғы облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер (осы облигациялық бағдарламаның шегіндегі әрбір шығарылым бойынша жекеше), соның ішінде: уәкілетті органдағы облигациялар шығарылымын тіркеу күні, облигациялар саны және түрі, номиналды құны бойынша шығарылым көлемі және орналастырылған облигациялар шығарылымының саны):** | Эмитенттің бірінші облигациялық бағдарламасы шегіндегі бірінші шығарылым:<br>• шығарылымды тіркеу күні: 12 желтоқсан 2014 жыл;<br>• облигациялар саны: 30 000 000 (отыз миллион) дана;<br>• облигациялар түрі: қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар;<br>• номиналды құны бойынша шығарылым көлемі: 30 000 000 000 (отыз миллиард) теңге;<br>• орналастырылған облигациялар саны: 30 000 000 (отыз миллион) дана<br>эмитенттің бірінші облигациялық бағдарламасы шегіндегі екінші шығарылым:<br>• шығарылымды тіркеу күні: 13 сәуір 2015 жыл;<br>• облигациялар саны: 100 000 000 (бір жүз миллион) дана;<br>• облигациялар түрі: қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар;<br>• номиналды құны бойынша шығарылым көлемі: 100 000 000 000 (бір жүз миллиард) теңге;<br>• орналастырылған облигациялар саны: 74 337 634 (жетпіс төрт миллион үш жүз отыз жеті мың алты жүз отыз төрт) дана.<br>облигациялардың үшінші шығарылымын мемлекеттік тіркеу бірінші облигациялық бағдарламасы шегіндегі облигациялардың төртінші шығарылымын мемлекеттік тіркеумен бір мезгілде жүзеге асырылады. |

**3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер.**

| | | |
|---|---|---|
| 1) | **Облигациялардың түрі:** | қамтамасыздандырылмаған купондық облигациялар. |
| 2) | **бір облигацияның номиналдық құны (егер бір облигацияның кесімді құны индекстелген шама болса, онда бір облигацияның номиналдық құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі)** | 1 000 (бір мың) теңге |
| 3) | **Облигациялар саны:** | 32 900 000 (отыз екі миллион тоғыз жүз мың) дана. |
| 4) | **Облигациялар шығарылымының жалпы көлемі:** | 32 900 000 000 (отыз екі миллиард тоғыз жүз миллион) теңге. |
| 5) | **Облигациялар бойынша сыйақы:** | |
| | **облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі (егер облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі индекстелген шама болса, онда облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі):** | айналымның барлық мерзімі ішінде тиянақталған (купонның) сыйақы мөлшерлемесі – облигацияның номиналды құнының жылдық 14 % (он төрт пайызы). |
| | **облигациялар бойынша сыйақы есептеу басталатын күн:** | облигациялар бойынша сыйақы есептеу олардың айналымы басталған күнінен бастап жүзеге асырылады |
| | **сыйақыны төлеу кезеңділігі және (немесе) облигациялар бойынша сыйақы төлеу күні:** | облигациялар бойынша купондық сыйақыны төлеу жылына 2 (екі) рет, облигациялар айналымы басталған күннен бастап әрбір 6 (алты) ай өткен сайын және олардың айналымының барлық мерзімі ішінде орындалады. |
| | **Облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары, облигациялар** | Купондық сыйақыны алу құқығына облигациялар ұстаушылары тізілімінде ол үшін төлемдер жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күні басындағы жағдай |

| | | |
|---|---|---|
| | **бойынша сыйақы алу тәсілі:** | бойынша тіркелген тұлғалар ие.<br><br>Купондық сыйақы төлем күні номиналды құн мен купондық сыйақының жарты жылдық мөлшерлемесі ретінде есептеледі. |
| | **Облигациялар бойынша сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі:** | облигациялар бойынша купондық сыйақыны есептеу «Қазақстандық қор биржасы» АҚ ішкі ережелерімен сәйкес (бұдан әрі – «Биржа») 360/30 (жылына 360 күн / айына 30 күн) уақыт базасы есебінен жүргізіледі. |
| **6)** | **номиналды құн валютасы, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы:** | номиналды құн валютасы қазақстан теңгесі болып табылады.<br><br>Облигациялар бойынша купондық сыйақы төлеу теңгемен сыйақы төлеуді жүзеге асырудың соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде, ақшаны облигациялар ұстаушылардың ағымдағы банктік шоттарына аудару жолымен төлей отырып өтеледі.<br><br>Егер облигациялар ұстаушысы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын болса, купондық сыйақы сомасын төлеу осындай облигациялар ұстаушысында Қазақстан Республикасының аумағында теңгелей банктік шоты болған жағдайда, теңгемен жүргізілетін болады.<br><br>Теңгені басқа валютаға айырбастау облигациялар ұстаушысынан қажетті жазбаша өтініш алынған жағдайда, осындай төлем жүзеге асырылатын күні Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен анықталған бағам бойынша мүмкін болады.<br><br>Теңгені басқа валютаға айырбастау облигациялар ұстаушысы есебінен орындалатын болады. |
| **7)** | **облигациялар орналастыруды бастау күні және аяқтау күні:** | облигацияларды орналастырудың басталу күні және аяқталу күні облигациялар айналымының басталған күні және тиісінше облигациялардың айналым кезеңінің соңғы күні болып табылады |
| **8)** | **облигациялар айналысының басталу күні және облигациялардың айналыс мерзімі:** | Облигациялар айналысының басталу күні облигацияларды орналастыру жөніндегі өткізілген бірінші мамандандырылған сауда-саттықты өткізу күні болып табылады, олар Биржаның ішкі ережелеріне сәйкес жүргізілетін болады (бұдан әрі – «Бірінші өткізілген сауда-саттықтар»).<br><br>Облигациялар айналысының басталған күні туралы хабар Биржаның интернет-ресурсында жарияланатын |

| | | |
|---|---|---|
| | | болады (http://www.kase.kz).<br>Облигациялардың айналыс мерзімі – айналыс басталған күнінен бастап 10 (он) жыл |
| 9) | **облигациялар айналысы жоспарланатын нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы):** | Облигациялар бағалы қағаздардың ұйымдастырылған, сонымен қатар, ұйымдастырылмаған нарықтарында айналатын болады. |
| 10) | **орналастырылатын облигацияларға ақы төлеу тәсілі:** | облигациялар қолма-қол ақшасыз түрде төленеді.<br>Облигацияларды орналастыру Биржаның сауда-саттық жүйесінде сауда-саттық өткізу жолымен жүргізілетін болады, облигацияларға ақы төлеу Биржаның ішкі ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. |
| 11) | **облигацияларды өтеу тәртібі:** | |
| | **облигацияларды өтеу күні:** | облигациялар облигациялар айналымының соңғы күнінен кейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде өтеледі. |
| | **облигацияларды өтеу талаптары:** | Облигациялар облигациялардың номиналды құны бойынша теңгемен бір уақытта соңғы купондық сыйақыны облигациялар айналымының соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде, ақшаны облигациялар айналымының соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша облигациялар ұстаушылардың тізілімінде тіркелген облигациялар ұстаушылардың банктік шоттарына аудару жолымен төлей отырып өтеледі.<br>Егер облигациялар ұстаушысы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын болса, негізгі борыш пен соңғы купондық сыйақы сомасын төлеу осындай облигациялар ұстаушысында Қазақстан Республикасының аумағында теңгелей банктік шоты болған уақытта, теңгемен жүргізілетін болады.<br>Теңгені басқа валютаға айырбастау облигациялар ұстаушысынан қажетті жазбаша өтініш алынған уақытта, осындай төлем жүзеге асырылатын күні Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен анықталған бағам бойынша мүмкін болады.<br>Теңгені басқа валютаға айырбастау облигациялар ұстаушысы есебінен орындалатын болады.<br>облигацияларды өтеу орындалатын орын (орындар):<br>Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, |

| | | |
|---|---|---|
| | | Алматы ауданы, Республика даңғылы, 24. |
| | **облигацияларды өтеу тәсілі:** | Облигацияларды өтеу облигациялардың номиналды құны мен соңғы купондық кезең ішіндегі купондық сыйақыны облигациялар ұстаушылардың тізілімінде тіркелген мәліметтеріне сәйкес облигациялар ұстаушылардың банктік шоттарына аудару жолымен жүзеге асырылады. |
| **12)** | **осы құқықты сату тәртібін, талаптары мен мерзімдерін көрсете отырып, эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алу құқығы (егер осы құқық эмитент органының облигациялар шығару туралы шешімімен көзделген жағдайда), егер эмитент органының шешімімен облигацияларды сатып алу құқығы көзделген болса, онда осы құқықты сату тәртібі, талаптары мен мерзімдері көрсетіледі:** | Директорлар кеңесінің шешімі бойынша эмитент өзінің облигацияларын олардың айналымының барлық мерзімі ішінде ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда жеке бастамасы бойынша сатып алуға құқылы.<br>Эмитентпен облигацияларды сатып алу бағасы анықталады:<br>• мәміле жасау күніндегі Биржада қалыптасқан нарық құнына қатысты бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында мәмілелер жасау кезінде;<br>• бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында - мәміле тараптарының келісімі бойынша мәмілелер жасау кезінде.<br><br>Сатып алынған облигациялар өтелген болып есептелмейді және эмитентпен қайтадан сатылуы мүмкін.<br>Эмитентпен облигацияларды сатып алу, облигациялар сатып алынатын облигацияларды ұстаушылардың құқығын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының эмитентпен жекеменшік облигациялармен мәмілелер жасау тәртібі туралы заңнаманың талаптарын бұзуға әкелмеуі тиіс.<br>Облигациялардың барлық ұстаушылары эмитентпен Директорлар кеңесінің облигацияларды сатып алу жөніндегі қабылданған шешімі туралы Директорлар кеңесі осындай шешімді қабылдаған бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде облигацияларды ұстаушылардың өкілін хабарландыру арқылы, сондай-ақ эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсында http://www.kazagro.kz/, Биржаның интернет-ресурсына http://www.kase.kz және эмитенттің ішкі корпоративтік құжаттарымен, Биржаның ішкі құжаттарымен және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсына ақпарат орналастыру тәртібін реттейтін |

| | | |
|---|---|---|
| | | нормативтік-құқықтық актілермен белгіленген тәртіпте Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсына www.dfo.kz хабарламаны орналастыру арқылы хабарланатын болады.<br><br>Орналастырылған облигациялар саны туралы ақпарат (сатып алынғандарды шегеріп тастағанда) Биржаға эмитентпен ашылады. |
| 13) | **облигациялар бойынша қамтамасыз ету (ипотекалық және өзге де қамтамасыз етілген облигацияларды шығару кезінде):**<br><br>**қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы;**<br><br>**қамтамасыз етілген облигациялар шығарылған жағдайда – кепіл заты, оның құны және кепіл затын өндіріп алу тәртібі;**<br><br>**облигацияларды қамтамасыз ету туралы шарттың талаптары;**<br><br>**атауын, орналасқан жерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген екінші деңгейдегі банктің деректері (егер облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілсе):** | осы шығарылым облигациялары қамтамасыз етілген болып табылмайды. |
| 14) | **инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде – концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттің кепілдемесін беру туралы қаулысының деректемелері.** | осы шығарылым облигациялары инфрақұрылымдық болып табылмайды |

**4. Эмитент бұрын шығарған, айналыста болу мерзімі аяқталған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен ақы төленетін облигацияларды шығару кезінде осы облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығару көлемі, облигациялар бойынша**

**жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі:**

Облигацияларға талап ету құқықтарымен ақы төленбейді.

**5. Айырбасталатын облигациялар шығарылған кезде мынадай мәліметтер қосымша көрсетіледі:**

| | | |
|---|---|---|
| 1) | **облигациялар айырбасталатын акциялардың түрі, саны және орналастыру бағасы, осындай акциялар бойынша құқықтар:** | осы шығарылым облигациялары айырбасталатын болып табылмайды. |
| 2) | **облигацияларды айырбастау тәртібі мен талаптары (егер облигациялардың шығарылымы толығымен айырбасталатын болса, айырбастаудың аяқталу күнінен бастап үш ай ішінде облигациялардың шығарылымы жойылуға жататыны көрсетіледі, егер облигациялардың шығарылымы толығымен айырбасталмайтын болса, осы шығарылымның сатып алынған облигациялары одан әрі орналастырылуға жатпайтыны, айналыс мерзімінің соңында өтелетіні көрсетіледі):** | осы шығарылым облигациялары айырбасталатын болып табылмайды. |

**6. Облигацияларды ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер**

| | | |
|---|---|---|
| 1) | **облигациялар ұстаушылар өкілінің толық және қысқаша атауы:** | толық атауы: «Цесна Капитал» акционерлік қоғамы<br>қысқаша атауы: «Цесна Капитал» АҚ |
| 2) | **облигациялар ұстаушылар өкілінің орналасқан жері, байланыс телефондары:** | орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Жеңіс д.29,<br>Байланыс телефондары: 8(7172) 472-551 (2,3) |
| 3) | **эмитенттің облигациялар ұстаушылардың өкілімен жасасқан шартының күні мен** | Облигациялар ұстаушылардың өкілінің қызмет көрсету туралы 2016 жылғы 14 шілдедегі № 76 шарты |

| | | |
|---|---|---|
| | **нөмірі:** | |

**7. Төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):**

| | | |
|---|---|---|
| **1)** | **төлем агентінің толық және қысқаша атауы:** | төлем агенті қарастырылмаған. Купондық сыйақыны және номиналды құнды төлеуді эмитент өз бетімен жүзеге асыратын болады. |
| **2)** | **төлем агентінің орналасқан жері, байланыс телефондары:** | төлем агенті қарастырылмаған. Купондық сыйақыны және номиналды құнды төлеуді эмитент өз бетімен жүзеге асыратын болады. |
| **3)** | **эмитенттің төлем агентімен жасасқан шартының күні мен нөмірі:** | төлем агенті қарастырылмаған. Купондық сыйақыны және номиналды құнды төлеуді эмитент өз бетімен жүзеге асыратын болады. |

**8. эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздардың қор биржасының ресми тізіміне енгізілуі және болуы мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсететін ұйым туралы мәліметтер:**

| | | |
|---|---|---|
| **1)** | **облигациялардың қор биржасының ресми тізіміне енгізілуі және болуы мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсететін тұлғаның толық және қысқаша атауы:** | толық атауы: «Қазкоммерц Секьюритиз» акционерлік қоғамы («Қазкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы)<br>қысқаша атауы: «Қазкоммерц Секьюритиз» АҚ |
| **2)** | **эмитент облигацияларының қор биржасының ресми тізіміне енгізілуі және болуы мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондары:** | орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., 34, 3-қабат,<br>Байланыс телефондары: тел.: +7 (727) 244-60-05, 244-65-66. |
| **3)** | **эмитенттің оның облигацияларының қор биржасының ресми тізіміне енгізілуі және болуы мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсететін тұлғамен жасасқан шартының күні мен нөмірі:** | қызмет көрсету Қаржы консультантының және андеррайтердің қызмет көрсетуі туралы 2016 жылғы 27 шілдедегі № 06-10 шартының негізінде жүзеге асырылады. |

| | | |
|---|---|---|
| | | |

**9. Облигациямен оны ұстаушыға берілетін құқықтар, оның ішінде:**

**1) облигациялар шығару проспектісінде көзделген мерзімде эмитенттен облигацияның номиналды құнын алу не өзге мүліктік баламаны алу құқығы, сондай-ақ облигацияның номиналды құнынан ол бойынша тіркелген пайыз не облигациялар шығару проспектісінде белгіленген өзге мүліктік құқықтарды алу құқығы:**

- облигациялар шығару проспектісінде көзделген мерзімде және тәртіпте облигацияларды өтеу кезінде номиналды құнды алуға;
- облигациялар шығару проспектісінде көзделген мерзімде және тәртіпте купондық сыйақы алуға;
- облигацияларды еркін сатуға және басқа жолмен шеттетуге;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіппен облигацияларға қатысты өзінің талаптарын қанағаттандыруға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған, сонымен қатар, эмитенттің ішкі корпоративтік ережелерімен және Биржа талаптарымен қарастырылған тәртіппен, эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты алуға;

**2) осы құқықты іске асыру талаптарын, тәртібі мен мерзімдерін көрсете отырып, оның ішінде облигациялар шығару проспектісінде көзделген шектеулер (ковенанттар) бұзылған кезде эмитенттің облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы:**

- Қазақстан Республикасының «Құнды қағаздар нарығы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-II Заңының 15 және 18-4 баптарымен қарастырылған облигацияларды сатып алу үшін негіз туындаған жағдайда, облигацияларды сатып алуды талап ету құқығы.

**Қазақстан Республикасының «Құнды қағаздар нарығы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-II Заңының 15 және 18-4 баптарымен қарастырылған облигацияларды сатып алу үшін негіз туындаған жағдайда эмитенттің орналастырылған облигацияларды сатып алу тәртібі.**

Қазақстан Республикасының «Құнды қағаздар нарығы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-II Заңының 15 және 18-4 баптарымен қарастырылған облигацияларды сатып алу үшін негіз туындаған жағдайларда (бұдан әрі - Оқиғалар) эмитент осындай факт туралы облигациялар ұстаушыларына облигациялар ұстаушылары өкіліне хабарлау (Оқиға басталған жағдай эмитенттің облигациялар ұстаушылары өкілімен облигациялар ұстаушыларының бұрынғы өкілімен шарт бұзылған немесе әрекеті тоқтатылған күннен бастап отыз күнтізбелік күннен асатын мерзімде шарт жасаспауымен туындаған жағдайды қоспағанда), сонымен қатар эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсына www.kazagro.kz, Биржаның интернет-ресурсына www.kase.kz және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсына www.dfo.kz хабарды орналастыру арқылы хабарлайды, оның ішінде:

- эмитент облигацияларын сатып алуға әкелетін, көрсетілген оқиғалардың қайсысы орын алғандығы туралы ақпарат;
- облигациялар ұстаушыларының өздерінің талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал әрекеттерін атау, оның ішінде, эмитентке облигацияларды сатып алу

туралы талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімдері;

- эмитенттің ішкі корпоративтік құжаттарымен, Биржаның ішкі құжаттарымен және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсына ақпарат орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік-құқықтық актілермен қарастырылған тәртіпте және мерзімде эмитенттің шешімі бойынша басқа да ақпаратты.

Қазақстан Республикасының «Құнды қағаздар нарығы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-II Заңының 15-бабымен қарастырылған эмитенттің облигацияларды сатып алуы үшін негіз туындаған жағдайларда, эмитент облигацияларды ұстаушылардың талабы бойынша облигацияларды жинақталған сыйақыны есепке ала отырып облигациялардың номиналды құнына сәйкес бағамен сатып алуға міндетті.

Қазақстан Республикасының «Құнды қағаздар нарығы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-II Заңының 18-4 бабымен қарастырылған эмитенттің облигацияларды эмитенттің облигацияларды сатып алуы үшін негіз туындаған жағдайларда, эмитент облигацияларды жинақталған сыйақыны есепке ала отырып, облигациялардың номиналды құнына сәйкес бағамен немесе қай шама ең үлкені болатындығына қатысты облигациялардың әділ нарық бағасымен сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.

Облигацияларды ұстаушылардың талабы бойынша эмитенттің облигацияларды сатып алуы, облигациялардың шығарылымы проспектісімен көзделген жағдайлардан басқа жағдайларда қарастырылмаған.

Облигацияларды ұстаушылардың бұзушылықтар туралы тиісті ақпараттың алғашқы жарияланған күнінен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде эмитенттің атына оған тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініш жолдауға құқығы бар.

Облигациларды ұстаушы барлық қажетті деректемелерді көрсете отырып, еркін түрде оған меншікті облигацияларды сатып алу туралы өтініш беруі тиіс:

- заңды тұлға үшін: облигациялар ұстаушысының атауы; бизнес-сәйкестендіру нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің (анықтаманың) нөмірі, берілген күні және берген орган; заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жері; телефондары; банктік деректемелері; сатылып алынуы тиіс облигациялар саны және түрі;
- Жеке тұлға үшін: облигациялар ұстаушысының тегі, аты, және болған уақытта, әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; тұлғаны куәландыратын құжаттың нөмірі, күні және берген орган; тұрғылықты жері; телефондары; банктік деректемелері; сатылып алынуы тиіс облигациялар саны және түрі.

Облигацияларды сатып алу туралы алғашқы өтініш алынған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдайды.

Эмитенттің Директорлар кеңесінің облигацияларды сатып алу туралы шешімі облигациялар ұстаушылардың назарына ол қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде, ақпаратты эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсында (http://www.kazagro.kz/) және/немесе эмитент жарғысымен анықталған бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау, сонымен қатар, ақпаратты Биржаның ресми интернет-ресурсына (http://www.kase.kz), Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми интернет-ресурсына www.dfo.kz орналастыру арқылы жеткізілетін болады

Облигацияларды сатып алуды эмитент эмитенттің Директорлар кеңесінің

облигацияларды сатып алу мерзімдері мен тәртібі туралы қажетті шешімі жарияланғаннан кейін 60 (алтпыс) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырады, бірақ облигациялар ұстаушысынан облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініш алынған күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде.

Облигацияларды сатып алу облигациялар ұстаушыларының ағымдағы шоттарына төлеуге жататын соманы аудару жолымен жүзеге асырылады.

Облигацияларды сатып алу рәсімі Қазақстан Республикасының «Құнды қағаздар нарығы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-II Заңының 15 және 18-4 баптарымен қарастырылған облигацияларды сатып алу үшін негіз туындаған жағдайларда, облигациялар ұстаушыларымен берілген өтініштер негізінде ғана жүргізілетін болады. Сатып алу туралы өтініш бермеген облигациялар ұстаушылары оларға тиесілі облигацияларды облигациялар шығарылымы проспектісінде көрсетілген олардың айналу мерзімі өткеннен кейін өтеуге құқылы.

- Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын басқа құқықтар;

**3) егер сыйақыны және (немесе) негізгі борышты төлеу облигациялар шығару проспектісіне сәйкес өзге мүліктік құқықпен жүргізілетін болса, осы құқықтың, оларды сақтау тәсілдерінің, бағалау тәртібінің және көрсетілген құқықты бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалардың, сондай-ақ осы құқықтардың біреуге өтуін іске асыру тәртібі:**

сыйақыны және (немесе) негізгі борышты төлеу өзге мүліктік құқықпен жүргізілмейді.

---

**10. Басталған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәліметтер:**

| | | |
|---|---|---|
| 1) | **басталған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі:** | дефолт –эмиссиялық бағалы қағаздар мен басқа қаржы құралдары бойынша міндеттемелердің орындалмауы.<br><br>Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар, осы проспектімен қарастырылған осындай төлемдердің мерзімі өткеннен кейін облигациялар бойынша негізгі борышты және (немесе) купондық сыйақыны төлемеу немесе толық төлемеу танылады.<br><br>Эмитент кінәсі бойынша купондық сыйақы және/немесе облигациялар бойынша негізгі борыш облигацияларды шығару проспектісімен анықталған мерзімде төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда, эмитент облигациялар ұстаушыларына әрбір кешіктірілген күн үшін өсімпұл төлейді, ол Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақшалай міндеттемені немесе оның бөлігін орындау күнгі қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесіне тәуелді есептеледі (яғни, ол үшін төлем жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күні).<br><br>Облигациялар бойынша дефолт орын алған уақытта облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес аталған облигациялар бойынша борышты талап етуге құқылы. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Эмитент барлық қажетті іс-шараларды жүзеге асырады және өзінің міндеттемелері бойынша дефолттарға жол бермеу мақсатымен барлық қажетті шараларды қабылдайды. |
